

2020-2021 оқу жылында музейде жүргізілген жұмыс есебі

2020 жылдың қыркүйек айынан бастап Білім басқармасы мен қала мекемелеріне атау беру туралы ономастикалық комиссияның қарауына өтініш пен ұсыныс жасалды.

Жұмыс нәтижесінде: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі Үкімет жанындағы республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізді. Республикалық ономастика комиссиясында ұсыныс қолдау тауып Үкіметтің қаулысы тағайындалуда. Үкімет қаулысы шыққаннан кейін атау беру процедурасы ресми аяқталады.



Илияс Есенберлин

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№67 гимназиясы» ШЖҚКММ педагогикалық кеңесі. №1 хаттама

Өткізілген күні: 04 қыркүйек, 2020 жыл
Қатысқандар: 135

Күн тәртібінде:

1. Тарихи тұлғалардың есімін гимназияға беру туралы.

БАЯНДАДЫ:

1. Гимназия директоры - Г.А.Абдраманова

Мектеп директоры - Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жерлесіміз Илияс Есенберлин есімін гимназия атауына ұсынды. Гимназиямыз қоғамдық-гуманитарлық, лингвистикалық бағытта болғандықтан қазақ әдебиетінің көркем қазынасын байытуға қомақты үлес қосқан тарихи тұлға, қаламгер Илияс Есенберлин есімі берілуі керек екендігі жайлы жеткізді.

БАЯНДАДЫ:

2. Тарих пәні мұғалімі - Н.Досова

Гимназия атауына қазақ әдебиеті дамуының тарихында зор үлес қосқан Илияс Есенберлин есімін беруді қолдаймын. Аса өнімді еңбек еткен қаламгер, жерлесіміздің есімін беру болашақта ұрпақамызды кемелдендіру деп өз ойын қосты.

БАЯНДАДЫ:

3. Директордың оқу-тәрбие ісінің орынбасары - С.С.Абылкасова

Қазақтың көрнекті жазушысы Илияс Есенберлиннің есімін мектеп атауына беру жаксы бастама екендігін айтты.

Гимназия директоры Г.А.Абдраманова гимназия атауына Илияс Есенберлиннің есімін беруі дауысқа салды. Қолдағандар саны – 165.

Қаулы:

1. «№67 гимназиясы» ШЖҚКММ қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Илияс Есенберлиннің есімін беру туралы өтініш Білім басқармасына жіберіледі.

2. Гимназия атауына Илияс Есенберлиннің есімін беруге байланысты И.Есенберлин туралы қосымша мәліметтер, музейге қажетті, дерек қорлар жинақталсын.

Директор: Г.А.Абдраманова
Хатшы: Н.А.Пернебаева

Жыл басында гимназия музейінің тематикалық – структуралық жоспары құрылды.

Мақсаты:

Тарихи деректер арқылы И.Есенберлиннің көркем әдеби шығармаларын, жазба деректерін насихаттай отырып, оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық рухқа тәрбиелеу, музей білім беру кеңістігіндегі тәрбие орталығы екенін ұғындыру.

Жас зерттеушілер тобы құрылды. Құрамында 20 оқушы. Есенберлин жайлы материалдар, деректер, жазбалар жинақталып, орта буын оқушылары құрылған кесте бойынша гимназия музейіне санитарлық талапты сақтай отырып, экскурсияға шықты.

ҚР Тұңғыш Президенті «Елбасының кітапханасы» ММ мен Әлеуметтік – ағартушылық жобалар және білім беру қызметінің ұйымдастыруымен өткен Нұр-Сұлтан қаласының білім беру мекемелері мен қала музейлерінің арасында ұйымдастырылған «Большая регата» музейаралық жобасына Жас зерттеушілер тобы қатысты.




Ұзақ мерзімді іс-шара екі айға созылды. Зерттеуші топ «С. Сейфуллин», Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі, ҚР Қарулы күштерінің Әскери-тарихи музейі, Бейбітшілік және келісім сарайы, ҚР Ұлттық музейлеріне саяхат жасай отырып, берілген тапсырмаларды жүйелі орындады.



Нәтижесінде «Мәдениеттер калейдаскопы» маршруты бойынша «Үздік экипаж» номинациясын жеңіп алды.




Зерттеу тобының мүшесі 7 сынып оқушысы Томирис Темирхан «Ілияс Есенберлин шығармаларының елжандылық рухы» тақырыбында зерттеу жұмысымен республикалық ғылыми-шығармашылық жұмыстар байқауына қатысып, Тарих: Тұлға және оқиға номинациясының бірінші дәрежелі дипломына ие болды.



Сондай-ақ, зерттеу тобының мүшелері 5 сынып оқушылары Саидилла Сабина мен Бекзат Қарлығаш «Ұлттық онлайн олимпиадалар орталығының ұйымдастыруымен Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының құрметіне өткен «Абай мұрагері» атты халықаралық онлайн өнер байқауына белсенді қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.



5-6 сынып оқушылары Есенберлин музейіне «Кемел елдің кемеңгер қаламгері» тақырыбында экскурсияға шықты. Оқушылар экскурсия барысында "Жазушы тұрған үй, өмір жолы", "Есенберлин жанұясы", "Жазушы қолданған жеке заттары", "Кітаптар топтамасы" экспозицияларымен танысып, музейден алған әсерлерін ой толғау етіп жазды.



«Есенберлин шығармашылығы сыр шертеді» (өлеңдеріне шолу жасау)

«Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен алатын дара тұлға....» Нұрсұлтан Назарбаев - осы қанатты сөз бойынша оқушылар өз ойларын анық жеткізе отырып, Есенберлин өлеңдерін онлайн түрде

мәнерлеп оқып, материалдарын жіберіп отырды. «Адам мәңгілік», «Ақ қайың», «Бір түнде» , «Домбыра» , «Жаңа өлке», «Дариғаның әні» өлеңдері оқылып, Гүлмахан Бақдаулет, Темірхан Томирис, Асылзада Қабылбек 7 сынып оқушылары белсенділік танытты.



Гүлмахан Бақдаулет



Темирхан Томирис



Қабылбек Асылзада

Жас зерттеушілер Тұңғыш Президент күніне арналған қалалық іс-шараға қатысып, **КВЕСТ** ойынында өз білімдерін жақсы көрсете білді.



Зерттеуші топқа жазғы демалыста жекелеген тапсырмалар берілді. «Менің атам тарихшы» , «Есенберлин жайлы 20 дерек» тақырыптарында зерттеу жұмыстарына материалдар жинау, жоспарлау.

ТАРИХИ – ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙДІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Тарихи деректер арқылы І.Есенберлиннің көркем әдеби шығармаларын, жазба деректерін насихаттай отырып, оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық рухқа тәрбиелеу, музей білім беру кеңістігіндегі тәрбие орталығы екенін ұғындыру.

Оқушылардың тарихи санасын кеңейтіп, әдет ғұрып пен салт дәстүрді құрмет тұтатын эстетикалық дағдыларды қалыптастыруына ықпал жасау, ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрету.

№	Атқарылатын іс -шаралар	Өтілу мерзімі	жауапты	Есеп беру нысаны
І.ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ				
1	Музей жәдігерлеріне ғылыми паспорт жасау.	қазан	Сармантаева А.Е	материал құжат
2	І.Есенберлин жайлы материалдар, деректер, аудио бейне жазбалар жинақтау жұмысын жүргізу.	жыл бойына	Тарих пәнінің мұғалімдері	деректемелер материалдар
3	Қала мектептерімен өзекті ақпараттар жайлы консультация алу, экспедицияға шығу, кітапханалармен байланыс жасау.	қажетті жағдайда	Сармантаева А.Е. Зерттеуші топ	ақпарат
4	Тақырып бойынша ғылыми мақалалар жазу.	қажетті жағдайда	Сармантаева А.Е. Зерттеуші топ	мақала газет
ІІ. ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРМЕ ЖҰМЫСЫ				
1	І.Есенберлиннің туған күніне орай көрме ұйымдастыру	қаңтар	Сармантаева А.Е. Зерттеуші топ	
2	Атбасар қаласының І.Есенберлиннің әдеби музейімен онлайн көрме ұйымдастыру	қаңтар	Досова Н.Б Байкушикова Л.У	Фото есеп
3	«Жәдігерлер тарихы» жобасы бойынша шағын зерттеу	ақпан	Досова Н.Б Байкушикова Л.У	Зерттеу жұмыстары
ІІІ. МӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ				
1	«Жас музейтанушы» ғылыми зерттеуші тобының құрамын сайлау, жұмысын жоспарлау (дөңгелек үстел)	қазан	Досова Н.Б Байкушикова Л.У	тізімдеме жоспар
2	«Қызықты грамматика» танымдық интеллектуалды сайыс	қараша	Тажибаева Г	портфолио
3	І.Есенберлин шығармашылығы бойынша «Балғын зерттеуші» байқауы	қаңтар	Алимкулова Г.Н	портфолио
4	І.Есенберлин өлеңдер жинағы бойынша «Тіл шебері» көркем сөз оқу шеберлері байқауы	ақпан	Батырхан Е.Ә Боданов А	портфолио
5	Дөңгелек үстел, конференция мен семинарларға қатысу.	қажетті жағдайда	Ақтайлақ Б.	
6	Жыл соңындағы қорытынды іс шара «Үздік зерттеуші» байқауы	наурыз	Сармантаева А.Е. Молдахметова А	портфолио
7	«Тарих толқынында» жоба	Әр айда бір рет	Тарих пәні мұғалімдері	Әлеуметтік желі
ІV АҒАРТУШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ІС ШАРАСЫ				
1	«Есенберлинтану» танымдық жоба	қараша	Досова Н.Б Байкушикова	Тікелей эфир

			Л.У	
2	«Үздік экскурсовод» қала музейлеріне саяхат	наурыз	Махметова Б.Ө	Эссе
3	«Көшпенділер» трилогиясын талдау	наурыз	Батырхан Е.Ә Боданов А	Пікірлесу
4	«Менің атам шежіре» атты ғылыми еңбек	сәуір	Зерттеуші топ	портфолио